

МУҒАЛИМ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ
LESSON STUDY

ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ



Intellectual
Schools

1-КҮН
САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.
САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ. ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫН АНЫҚТАУ.
КОМАНДАДА САБАҚТЫ БІРЛЕСІП ЖОСПАРЛАУ

Сіз Lesson Study немесе Сабақты зерттеу туралы не білесіз, не естідіңіз?

--

Lesson Study тәсілі қандай мақсатта қолданылады?

--

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ҮДЕРІСІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

1-кесте. Сабақты зерттеу үдерісінің бір циклінің кезеңдері (Lewis, Hurd, 2011).

1. Сабақты зерттеу тобын құру (бір немесе екі кездесу)
• Сабақты зерттеу тобына мүшелерді тарту. • Сабақты зерттеу туралы ортақ пікір қалыптастыру. • Жоғары сапалы кәсіби білім туралы ойларымен бөлісіп, топ ережесін жасауда соларғасүйену. • Топ нормаларын белгілеу. • Нақты мерзім белгілеп, кездесу кестесін жасау.
2. Топ қарастыратын мәселені анықтау (бір немесе екі кездесу)
• Мұғалімнің оқушыларға қатысты әзірлеген ұзақ мерзімді жоспарында қамтылған зерттеу тақырыбын (басты мақсат) келісу. Егер зерттеу жүргізуші маманның міндеті мектепшілік шараларды қамтитын болса, зерттеу тақырыбы ретінде жалпымектептік мәселені белгілеген дұрыс. • Пәндік саланы таңдау (мысалы, жаратылыстану пәндері, әлеуметтік ғылымдар); егер бұл алдын ала белгіленбеген болса. • Бақыланатын сабақтың нақты тақырыбы мен бөлімін анықтауды бастау.
3. Тақырыпты зерделеу және зерттеу сабағын жоспарлау (3-тен 8-ге дейін кездесу)
• Зерттеу сабағы үшін таңдап алынған тақырыпқа қатысты оқу бағдарламасын, бұған дейін өткізілген сабақтар мен зерттеулерді зерделеу, мүмкін болса, осы салада тәжірибелі адамдардан кеңес алу. Егер сізге оқушының ойлау үдерісі туралы қосымша ақпарат қажет болса, ондай ақпаратты жинау үшін зерттеу сабағының алдында «лас сабақ» өткізе алады («лас сабақ» дегеніміз арнайы жоспарланбаған сабақ). • Зерттеу сабағын жоспарлау, сабақ пен тақырып бойынша белгіленген нақты жоспармен қатар, ұзақ мерзімді жоспардың қамтылуын назарда ұстау қажет. • Егжей-тегжейлі сабақ жоспарын жазу. Сабақ жоспары оқушылардың ойлау үдерісін болжауға, дерек жинауға көмектеседі, сабақтың неліктен дәл осылай құрылымдалып жоспарланғанын негіздеуге және туындаған сұрақтарыңыз бен байқаған/аңғарған мәселелеріңізді жазып алуға мүмкіндік береді. • Сабақ жоспарының бір бөлігі ретінде қандай дерек жиналуы керектігі көрсетілетін дерек жинау жоспарын әзірлеңіз.

4. Зерттеу сабағын өткізу және талқылау (бір сабақ, сабақ өткен күні немесе көп кешіктірмей кездесу өткізу; сабақ тағы бір рет өткізілген болса, талқылауды қайталау)

- Жоспарланған деректерді жинау.
- Құрылымдалған күн тәртібіне сәйкес сабақтан кейінгі талқы өткізіледі. Бұл кездесуге үйлестіруші мен хатшы тағайындалады.
- Пікірталас барысында зерттеу сабағында жиналған деректерге назар аударылады.
- (Қаласаңыз, сабақты қайта қарап, топтың басқа мүшесіне қайта қаралған жоспармен басқа сыныпқа тағы бір сабақ өткізуге болады).

5. Рефлексия және алдағы қадамдарды жоспарлау (бір немесе екі кездесу)

- Зерттеуден алған білімді бекіту: не үйрендің, не түйдің (пән мазмұнына, оқушының ойлау үдерісіне, оқытуға қатысты және басқа да салаларда). Таныстырылым немесе жазбаша жұмыс ретінде жинақтап, түйіндеу.
- Осы сабақты зерттеу үдерісінде ненің тиімді болғанын және алдағы уақытта нені өзгерту қажеттігін талқылау.

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ТОБЫН ҚҰРУ

Сабақты зерттеу тобының құрамын белгілеңіз

№	Аты-жөні	Пәні
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		
6.		
7.		

Сабақты зерттеу тобының нормаларын белгілеңіз



Кездесу кестесін жасаңыз

Сабақты зерттеу тобының жұмыс жоспары

		Nazarbayev	
		Intellectual	
		Schools	

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫН АНЫҚТАУ

--




САБАҚТЫ БІРЛЕСІП ЖОСПАРЛАУ

--




ОҚУ ҮЛГЕРІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МОДЕЛІ


Таңдап алған тақырып бойынша оқушыларыңыздың үлгерімі туралы не білетініңізді жоғарыдағы нысандарға жазыңыз.



Үлгерімі жақсы (A)



Үлгерімі орташа (B)



Center
of Excellence

Үлгерімі төмен (C)

Nazarbayev
Intellectual
Schools

Сабақты жоспарлау, бақылау және талқылау кестесі

Пән

Сабақтың тақырыбы

Мұғалім/бақылаушы

Осы *Lesson Study-degi* оқу мақсаты қандай (ол тізбектелген сабақтар топтамасының бір бөлігі болуы мүмкін).
Осы *Lesson Study-de* қандай әдістемені *жетілдіруді/әзірлеуді* мақсат етіп қойдыңыз?

Ағымдағы жетістіктер мен табыс критерийлері Олардан сабақ соңында белгілі бір аспекті бойынша қандай нәтиже күтетінізді сипаттаңыз.	Бақылаудағы А оқушы Осы оқушыға қатысты табыс критерийлері		Бақылаудағы В оқушы Осы оқушыға қатысты табыс критерийлері		Бақылаудағы С оқушы Осы оқушыға қатысты табыс критерийлері		Мысалдар / сұрақтар
	А оқушы(лар) қалай жауап береді деп күтесіз	Бақылау барысында ол(ар) қалай жауап берді	В оқушы(лар) қалай жауап береді деп күтесіз	Бақылау барысында ол(ар) қалай жауап берді	С оқушы(лар) қалай жауап береді деп күтесіз	Бақылау барысында ол(ар) қалай жауап берді	
Тізбектелген сабақтар топтамасының кезеңі							
Кезең ... (шамамен жұмсалатын уақыт)							
Кезең ... (шамамен жұмсалатын уақыт)							
Қорытынды кезең ... (шамамен жұмсалатын уақыт)							
Оқушылар нені істей алды? (Олар қандай нәтижелерге жетті және оның қандай дәлелдері бар?)							
Бастапқы/алдын ала ойлар							

Рефлексия



Center
of Excellence


NIS

Nazarbayev
Intellectual
Schools

2-КҮН

САБАҚТЫ БАҚЫЛАУ: САБАҚ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ БАҚЫЛАУ. САБАҚТЫ БАҚЫЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ.

Жоспарланған сабақ бойынша бақылау құралдарын әзірлеңіз немесе зерттеу тақырыбына сәйкес болған жағдайда төмендегі бақылау құралдарынан қажетті үлгілерді таңдаңыз.



Сабақтағы шынайы іс-әрекеттің сабақ жоспарымен сәйкестігін бақылау формасы

Бұл бақылау үшін алдын ала мұғалімнің жоспарын алу керек және бақылау барысында кестеде берілген форма пайдаланылады.

Уақыты	Жоспарланған тапсырмалар	Уақыты	Сабақта орындалған тапсырмалар	Сабақтан кейін талқылау үшін сұрақтар: неліктен жоспардағы жұмыстарға өзгерістер енгізілді?
Бақылаудан кейін зерттеу тобының берілетін ұсыныстары:				
1.				
2.				
3.				

Бақыланатын оқушы үшін анықталған күтілетін нәтиже мен оның шынайы қол жеткізген нәтижелерін бақылау формасы

АВС оқушыларының әрқайсысына күтілетін нәтижелер оқудағы қажеттілігіне қарай анықталады және кестеге тіркеледі. Бақылаушы кесте бойынша белгіленген күтілетін нәтижеге сәйкес оқушының әрекеттеріне бақылау жүргізіп, алынған деректерді бақылау парағына тіркейді.

Уақыты	Жоспарланған оқушысы үшін күтілетін нәтижелер	Уақыты	Оқушының жауабы, әрекеттері	Сабақтан кейін талқылау үшін сұрақтар
Бақылаудан кейін зерттеу тобының берілетін ұсыныстары:				
1.				
2.				
3.				

Сыныптың оқу үдерісіндегі динамикасын бақылау формасы

Бақыланатын оқушының тек оқу жаттығуларын орындау барысындағы іс- әрекеті ғана емес, ойлау белсенділігінің уақыт интервалына сәйкес төмендеуі/ілгерілеуі туралы нақты мәліметтер арнайы бақылау парағына тіркеледі.

Ол үшін бақыланатын бір оқушыны таңдап, сол оқушыны бақылауға ыңғайлы жерге отыру керек. Сабақ барысында әрбір 5 минуттық интервал бойынша әрекеттерін жазып отыру қажет.

Уақыт интервалы	Жұмыс жаттығулар түрі,	Оқушының жауабы, жұмысқа тобымен талқылау үшін сіздің қатысқаны немесе сұрақтарыңыз, пікіріңіз қатыспай отырғаны	Сабақтан кейін зерттеу
5 мин.			
10 мин.			
15 мин.			
20 мин.			
25 мин.			
30 мин.			
35 мин.			
40 мин.			

Оқушы сабақтың қанша пайыздық уақыт мөлшерінде белсенді болды?

Тапсырманы орындауға назары шоғырланды ма? Нәтижесі қалай болды?

Зерттеу тобымен талқылауға ұсынатыныңыз:

1.

2.

3.

Сұрақ қою мен сұрақтарға жауап беру деңгейін бақылау формасы

Блум таксономиясына сәйкес сұрақтарды қою кестесін қолдана отырып, сыныптағы білім алушылардың сұрақтары мен жауаптарын Блумның ойлау сатыларына сәйкестендіре отырып белгілеңіз. Соңғы бағанда оқушылардың қойған сұрақтары мен берген жауаптарының белгілі бір ойлау деңгейіне дәлелдемелер келтіріңіз.

№	Ойлау деңгейлері	Қолдану жиілігі	Дәлелдеме/мысалдар
1	Білу		
2	Түсіну		
3	Қолдану		
4	Талдау/анализ		
5	Жинақтау/синтез		
6	Бағалау		
Қандай сұрақтарға жауап беру жеңіл/қиын болды? Қандай сұрақтарға (ашық/жабық) көп/аз жауап берілді? Ашық сұрақтарға жауап беруде өз ойын жеткізе алды ма? Зерттеу тобымен талқылауға ұсынатыныңыз: 1. 2. 3.			

Мұғалімнің сұрағы мен оқушы жауабын бақылау формасы

Мұғалім сұрағы мен оқушы жауабы арасындағы күті ұзақтығын бақылаңыз. Алдымен сұрақты, келесі бағанда оқушы жауабын күту ұзақтығын, сосын оқушы жауабын тіркеңіз. Осы жазбалар негізінде мұғалімнің күту ұзақтығының оқушының білім алуына оң/кері әсері туралы туындаған талдау сұрақтарын қарастырыңыз.

Мұғалімнің сұрағы	Оқушының жауабын күту ұзақтығы	Оқушы жауабы
Зерттеу тобына ұсынылатын талдау сұрақтары: 1. 2.		

САБАҚ ӨТКІЗГЕННЕН KEЙІН БАҚЫЛАНҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІН ЗЕРТТЕУ

Сабақтан кейін оқушылармен сұхбат жүргізу сұрақтарын әзірлеңіз


Рефлексия



Intellectual
Schools

3-КҮН
САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІ ӨТКІЗУ.
САБАҚТАН КЕЙІНГІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИЯ.

Зерттеу сабағын талдау негізінде, төмендегі кестені пайдаланып, сабақты жақсарту жолдарын әзірлеңіз.



Зерттеу сабағын жақсарту жолдарын талқылауды ұйымдастыруға арналған үлгі

	Бақыланатын А оқушы	Бақыланатын В оқушы	Бақыланатын С оқушы
Бақыланған оқушылардың әрқайсысы қандай жетістіктерге жетті? Бұл жеткілікті болды ма? Сыныптағы басқа оқушылар қандай нәтижелер көрсетті?			
Бұл әдісті енгізу қалай көмектесті немесе кедергі болды (екеуі де мүмкін)? Қандай күтпеген жағдайлар болды?			
Әр оқушының нәтижелерін жақсарту үшін келесі жолы әдістің қандай аспектісін немесе аспектілерін түзету керек?			
Келесі жолы біз не істеуге тырысуымыз керек?			

Зерттеу сабағын талқылау барысын тіркеп жазу формасының үлгісі

	Мұғалім	Оқушы
Күшті жақтары		
Нені жақсарту керек		

Зерттеу сабағын бақылау және талдау барысында мұғалімнің іс-әрекеті емес, оқушылардың оқу процесі басты назарда болуы керек екенін есте ұстаған жөн.

Рефлексия



Center
of Excellence

NIS

Nazarbayev
Intellectual
Schools

4-КҮН
ТАЛДАУ ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУ.
ҚОРЫТЫНДЫ, ЖЕТІЛДІРУДІ ТАЛАП ЕТЕТІН САЛАЛАР НЕГІЗІНДЕ
САБАҚТЫҢ КЕЛЕСІ КЕЗЕҢІН ЗЕРТТЕУ ПРОЦЕСІ.
САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУ

Бірінші зерттеу сабағын талдау нәтижелері бойынша келесі зерттеу сабағына енгізетін өзгерістерді көрсетіңіз



Рефлексия



Курста оқу бойынша қорытынды

Сабақты зерттеу тәсілі туралы не білдіңіз?

Сізге не қызықты және/немесе пайдалы болды? Себебі ?

Сабақты зерттеу аясында қандай сұрақтарды/тақырыпты зерттегіңіз келеді?

